

Жақсы ауданында тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы

Күші жойған

Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2010 жылғы 18 қазандағы № ВС-28-3 шешімі. Ақмола облысы Жақсы ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 26 қарашада № 1-13-120 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 5С-4-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2012.04.24 № 5С-4-3 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат

Ш Е Ш І М Е Т Т І :

1. Жақсы ауданында тұрғын үй көмегін көрсету Ережесі қосымшаға сәйкес б е к і т і л с і н .

2. Жақсы аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 11 наурыздағы № С-7-4 «Отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді ұстаудың (жеке тұрғын үйді ұстаудан басқа) және коммуналдық қызметті тұтынудың төлеміне тұрғын үй көмегін көрсетудің Ережесін» бекіту туралы шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 1-13-71 тіркелген, 2008 жылдың 18 сәуірдегі «Жақсы жаршысы» аудандық газетінде жарияланған) күші жойылған д е п т а н ы л с ы н .

3. Осы шешім Жақсы ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың жиырма
сегізінші, кезектен тыс
сессиясының төрағасы *Б.Жанәділов*

Ж а қ с ы аудандық
мәслихаттың хатшысы *Б.Жанәділов*

КЕЛІСІЛГЕН

Ж а қ с ы а у д а н ы ә к і м і н і ң
міндетін атқарушы С.Өтешев
«Ж а қ с ы а у д а н ы н ы ң ж ұ м ы с п е н
қ а м т у ж ә н е ә л е у м е т т і к
б а ғ д а р л а м а л а р б ө л і м і »
мемлекеттік мекемесінің бастығы Л.Сейдахметова
«Ж а қ с ы а у д а н ы н ы ң э к о н о м и к а
ж ә н е б ю д ж е т т і к ж о с п а р л а у б ө л і м і »
мемлекеттік мекемесінің бастығы Қ.Дүзелбаев
Ж а қ с ы а у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 1 8 қ а з а н д а ғ ы
№ В С - 2 8 - 3 ш е ш і м і м е н
БЕКІТІЛДІ

Жақсы ауданында тұрғын үй көмегін көрсету ЕРЕЖЕСІ

Осы тұрғын үй көмегін көрсету ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі «Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы» Қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 «Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы» Қаулысына сәйкес әзірленді және аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін тағайындаудың тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ереже

1. Тұрғын үй көмегі – жергілікті бюджет қаражаты есебінен Жақсы ауданының аумағында тұрақты тұратын аз қамтамасыз етілген отбасыларға (а з а м а т т а р ғ а) :

жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (а з а м а т т а р ғ а) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға; тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді т ұ т ы н у ғ а ;

байланыс саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылары) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтеріне;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысына ақы төлеуге отбасыларға (а з а м а т т а р ғ а) б е р і л е д і .

Аз қамтамасыз етілген отбасылардың (азаматтардың) тұрған үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының осы мақсаттарға жұмсаған, жергілікті өкілді органдар белгілеген шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы ай ы р м а р е т і н д е ай қ ы н д а л а д ы .

Телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының , тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде отбасының бір айда кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге және (немесе) күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған жарналарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің отбасының орташа айлық жиынтық кірісіне 11 пайыз көлемінде белгіленеді.

Тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді тұтыну белгіленген үй көлемінің нормасынан артығын жалпыға бірдей төленеді.

2. Өтемақы шарамен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемі Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін мөлшерде, бірақ республикада бір адамға қолданылатын санитариялық нормадан кем емес тұрғын алаң және кемінде бір тұрғын бөлме мөлшерінде алынады.

3. Тұрғын үй көмегін тағайындау мен төлеу бойынша уәкілетті орган «Жақсы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекеме болып анықталады, бюджеттік қаражатты бөлу бойынша уәкілетті орган «Жақсы ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» мемлекеттік мекеме анықталады, тұрғын үй көмегін төлеу бойынша уәкілетті ұйым «Қазпошта» акционерлік қоғамы Ақмола облысы филиалының Жақсы аудандық пошта байланыс торабы анықталады.

2 Тұрғын үй көмегін тағайындау мен төлеу

4. Тұрғын үй көмегі аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға), жеке меншігінде бір бірліктен артық үйі бар (пәтер, үй) немесе тұрғын жайды жалға берген (қосымша жалға) отбасылар (азаматтар), сонымен қатар отбасында еңбекке жарамды, бірақ жұмыс істемейтін, оқу орнының күндізгі бөлімінде оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін және жұмыспен қамту бөлімінде жұмыссыз ретінде тіркелмеген (күтімге мұқтаж тұлғаларға күтім көрсететіндер басқа) мүшелері бар отбасылардан басқаларға тағайындалады.

Коммуналдық тұрғын үйде тұратындар үшін жылытуға шығын жоспарлы есептеу бойынша алынады, әрі нақты төлеген төлем бойынша қайта есептеледі.

Үйде жылытылатын жеке үйде тұратындарға тұрғын үй көмегі жылына бір рет көрсетіледі, сонда отын нормасы біржолғы деп алынады. Отын шығыны айына 1 квадраттық метрге 49,75 килограмм көлемінде есептеледі, алайда отбасыға жылына бес тонна көмірден артық емес.

Көмірдің құнын есептеу үшін тұрғын үй көмегін алдағы тоқсанға тағайындау өткен тоқсандағы Жақсы аудандық статистика бөлімінің ұсынған аудан бойынша орта бағасы пайдаланылады.

Тұрғын үй көмегінің көлемі тұрғын үйді ұстау және коммуналдық қызметтерді тұтынуға нақты есептелген төлеу сомасынан артық болуы мүмкін емес.

Тұрғын үй көмегі өтініш берген айдан бастап ағымдағы тоқсанға тағайындалады.

Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызметтерге төлеу тарифі өзгергенде, отбасының кірісі өзгергенде тұрғын үй көмегін тағайындау және төлеу бойынша уәкілетті орган бұрын есептелген тұрғын үй көмегіне қайта есептеу жүргізеді.

5. Тұрғын үй көмегін тұрғын үй иесінің немесе жалдаушының (қосымша жалдаушының) өтініші және оған тіркелген құжаттардың негізінде тағайындалады:

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) тұрғын үйге құқық беретін құжаттардың көшірмесі;
- 3) азаматтарды тіркеу кітабының көшірмесі;
- 4) отбасы табысын растайтын құжаттар;
- 5) коммуналдық қызметтерді тұтыну шоттары;

Құжаттардың көшірмелері салыстыру үшін түп нұсқалармен бірге тапсырылады, одан соң түп нұсқалар өтініш берушіге қайтарылады.

Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеу шығынының өтемақысына құқығы бар отбасылар (азаматтар) осы Ереженің 5 тармағында

қарастырылған құжаттардан басқа:

1) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге арналған мақсатты жарнаның көлемі туралы шот;

2) жергілікті атқарушы органмен (тұрғын үй инспекциясымен) келісілген, пәтерлердің меншік иелері мен жалдаушыларының (қосымша жалдаушылардың) жалпы жиналысында бекітілген кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеудің жекелеген түрлерін жүргізуге арналған шығыстар сметасы негізінде кондоминиум объектісін басқару органы ұсынатын және мөрмен, кондоминиум объектісін басқару органы басшының қолымен расталған кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге қаражат жинақтауға арналған ай сайынғы жарналардың мөлшері туралы шот тапсырады.

Телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігінде байланыс қызметтері шығынының өтемақысына құқығы бар отбасылар (азаматтар) осы Ереженің 5 тармағында қарастырылған құжаттардан б а с қ а :

1) телекоммуникация қызметтері үшін түбіртек-шот немесе байланыс қызметтерін көрсетуге арналған шарттың көшірмесін тапсырады.

Жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған үйді пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысы шығынына өтемақыға құқығы бар отбасылар (азаматтар) осы Ереженің 5 тармағында қарастырылған құжаттардан б а с қ а :

1) тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жергілікті атқарушы орган берген жалдау ақысының мөлшері туралы шотты тапсырады.

Қайта өтініш бергенде 1,2,3 тармақшалардағы құжаттар өзгерістер пайда болғанда та п с ы р ы л а д ы .

6. Тұрғын үй көмегін тағайындау мен төлеу бойынша уәкілетті орган тағайындайды, орган өтініш берушіден құжаттарды қабылдаған күннен бастап 15 күн ішінде қарайды және тұрғын үй көмегін тағайындау туралы шешім шығарады немесе тағайындаудан бас тартады.

Тұрғын үйді тағайындау мен төлеу бойынша уәкілетті органы шешім қабылдағаннан кейін өтініш берушіге қабылданған шешім туралы жазбаша х а б а р л а й д ы .

7. Ақпараттың сенімділігіне күмән келген жағдайда тұрғын үй көмегін тағайындау мен төлеу бойынша уәкілетті орган тексеріс жүргізуге уәкілетті органдарға өтініш беруге құқылы.

8. Тұрғын үй көмегінің көлемі жеке меншік иесінің немесе жалдаушының (қосымша жалдаушы) өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін тұрғын үй көлемінің нормасы шегінде, тұрғын үйді ұстау мен коммуналдық қызметтерді пайдалану үшін нақты төлемінің және осы отбасының осы мақсаттарға жұмсаған

шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде е с е п т е л е д і .

9. Тұрғын үй көмегі ақшалай төлем түрінде белгіленеді. Тұрғын үй көмегі бюджеттік қаражатты бөлу бойынша уәкілетті органның қаржыландыруына байланысты тоқсанға (құқығы бар жағдайда) толық жүргізіледі.

Төлем аудандық бюджеттен осы мақсатқа бөлінген қаражаттың есебінен азаматтардың жинақтау шотына аудару жолымен тұрғын тұрғын үй көмегін беру бойынша уәкілетті ұйыммен жүзеге асырылады.

3. Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық кірісін есептеу

Тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысы тұрғын үй көмегін тағайындау мен төлеу бойынша уәкілетті органмен тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы жиынтық табысы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі N 237-ө бұйрығымен екітілген мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің Ережесінің негізінде есептеледі.